

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

қолжазба құқығында

Бесжанов Арслан Қайратұлы

ПАНДЕМИЯ ЖАҒДАЙЫНДА ОРТА ЖӘНЕ ШАҒЫН БИЗНЕСТІ КРЕДИТТЕУ

«7M04106 – Экономика» білім беру бағдарламасы
«7M041 – Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші Кусаинова Лариса Ислямқызы
экономика ғылымдарының кандидаты, профессор _____

Жоба қорғауға жіберілді: « _____ » _____ 2022ж.

Басқару институтының директоры Акижанов Қуат Балқашұлы
PhD, Профессор _____

Нұр-Сұлтан, 2022

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ.....	8
ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	9
ҚОРЫТЫНДЫ.....	40
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР.....	42
ҚОСЫМШАЛАР	46

Нормативтік сілтемелер

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.

«Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 727 қаулысы.

«2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 728 қаулысы.

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 729 қаулысы.

«Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 730 қаулысы.

«Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жобаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 732 қаулысы.

«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысы.

Белгілеулер мен қысқартулар

АӨК – Агроөнеркәсіптік кешені
БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары
ЕДБ – Екінші деңгейлі банктер
ҒЗТКЖ – Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар
ЖАО – Жергілікті атқарушы орган
ЖБ – Жергілікті бюджет
ЖІӨ – Жалпы ішкі өнім
ҚР – Қазақстан Республикасы
ҚЗЭ – Қарапайым заттар экономикасы
ҚХБ – Қытай Халық банкі
ҚҚС – Қосылған құн салығы
ҚР ҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
МҚҰ – микроқаржы ұйымдары
МЖӨ – Мемлекеттік-жекешелік әріптестік
ОАӨЭЫ – Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы
РБ – Республикалық бюджет
ХҚЕС – Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары
ШОБ – шағын және орта бизнес
ЭЫДҰ – Экономикалық ынтымақтастықты дамыту ұйымы
АСЕАН – Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері қауымдастығы
CARES – Коронавирустық көмек, көмек және экономикалық қауіпсіздік туралы заң

Кіріспе

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында тиімді шағын және орта бизнес – елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқаратын қала мен ауылды дамытудың берік негізі екенін атап өтті. Сондықтан шағын және орта бизнесті дамыту мәселесі елдегі негізгі басымдықтардың бірі болып табылатындығын атап өтті [1].

Экономикадағы шағын және орта кәсіпкерліктің рөлі мен маңызын зерттеудің өзекті мәселелерінің ішінде мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылы мәселелері ерекше мәнге ие болады. Бұл жұмыста шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдаудың нәтижелілігіне және қолайлы кәсіпкерлік ортаны қалыптастыруға байланысты мәселелер қарастырылады.

Қазақстан Республикасында пандемия жағдайында шағын және орта бизнесті кредиттеудегі мемлекеттің рөлі айқындалды, кәсіпкерліктің жай-күйіне талдау жасалды, кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бағдарламаларының тиімділік көрсеткіштері айқындалды.

Іс жүзінде 2020 жылдың басында бүкіл әлем коронавирустық індетке тап болды. Эпидемия адам өмірінің барлық салаларына түзетулер енгізді.

Қазақстанда енгізілген қатаң карантиндік шаралар сатылымның 49% - ға төмендеуі, ішкі сұраныстың 40% - ға және халықаралық сұраныстың 13% - ға қысқаруы, Бизнесінің уақытша жабылуы 33%-ды, клиенттердің келісімшарттарының жоғалуы 22% - ға, жеткізуде қиындықтар, қаржыландыру көздерінің азаюы және т. б. сияқты біршама теріс әсер етті [2], [3], [4].

Реформалардың көптігіне қарамастан, Қазақстанда кәсіпкерлікті дамытудың қарқыны қазіргі кезеңінің талаптарына жауап бермейді. Бұл экономикалық қызметтің барлық субъектілерінің кірістерінің қалыптасуына теріс әсер етеді, жұмыспен қамтылғандар саны азаяды, халықтың өмір сүру деңгейі төмендейді.

Сонымен қатар, Үкіметпен қабылданған антикризистік шаралардың ішінде ШОБ-қа көрсетілген қолдаудың (қаржылай, салықтық жеңілдіктер, кредит бойынша каникулдар және т.б.) оң нәтижесі бар екеніне көз жеткізуге керек еді. Қосымша, қарыз алушыларға – ШОБ субъектілеріне бейілділікті арттыру мақсатында Коммерциялық банктерде арнайы кредиттеу бағдарламалары әзірленді, мамандандырылған қаржы институттары – «Даму» қоры, «ҚазАгро» және т. б. жұмыс істейді.

Зерттеудің мақсаты. Covid-19 каронавирустық инфекция салдарынан болған әлемдік кризистің жағдайында ШОБ кредиттеудің қолайлы жолдарын айқындау болып табылады.

Зерттеу объектісі. Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік жүйесі болып табылады.

Зерттеу пәні. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті дамыту, қолдау, қалыптастыру процесінде туындайтын экономикалық қатынастардың жиынтығы.

Әдістемелік негіз болып жүйелік, салыстырмалы, ситуациялық талдау, бақылау, талдау және синтез, танымның диалектикалық әдісі, экономикалық-математикалық модельдеу табылады.

Зерттеудің эмпирикалық негізіне Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері және кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Ұлттық статистика бюросының ресми деректері, сондай-ақ бизнес ортасының факторларын зерттеуге байлынысты отандық және шетелдік авторлардың ғылыми еңбектері алынды.

Зерттеудің ғылыми болжамы мен күтілетін нәтижелері. Қазақстан Республикасындағы ШОБ-ты қолдауға бағытталған дәлелді ұсыныстарды әзірлеуден тұрады. Оның ішінде Қазақстан Республикасындағы ШОБ-тың қазіргі жағдайын талдау негізінде оның дамуына кедергі келтіретін факторлар анықталды, ШОБ-ты мемлекеттік қолдау бағдарламаларына сыни баға берілді.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы. Зерттеу нәтижесінде кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың ұйымдастырушылық, экономикалық тетіктерін жетілдіру мақсатында мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына қолдану мүмкіндігі айқындалды. Мүдделі жақтары болып Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика, ауыл шаруашылығы, министрлігі, индустрия және инфрақұрылымдық даму, сыртқы істер, сауда және интеграция, еібек және халықты әлеуметтік қорғау, қаржы, энергетика, экология, геология және табиғи ресурстар министрліктері, квазимемлекеттік ұйымдар, жергілікті атқарушы органдар табылады.

Жариялау. Зерттеу барысында 2022 жылғы 6 мамырда «Ғылым мен технологияның, қоғам мен білімнің өзекті мәселелері: жағдайы мен даму болашағы» II Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция аясында «Covid-19 пандемиясының Қазақстандағы шағын және орта бизнеске әсері» атты мақала жарияланды. Көлемі 6 парақ.

Әдебиетке шолу. Академиялық және қоғамдық салада кәсіпкерлік және бизнес терминдері бір-бірін алмастыратырылып қолданылады. Ғалымдар арасында терминді анықтау туралы консенсус жоқ (Бегежанов 2010, Құсайынов 2012, Учкампинова 2010) [5], [7]. Мұндай тәсіл заңнамалық құжаттар мен мемлекеттік бағдарламаларда да көрініс табады. «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңында және кәсіпкерлікті қолдаудың түрлі бағдарламалары ШОК – шағын және орта кәсіпкерлік терминін келтіреді. Ал 2050 Стратегиясы, елдің стратегиялық даму бағдарламасы ШОБ (шағын және орта бизнес) терминін қолданады. Деректерді ұсыну кезінде ҚР Ұлттық статистика шок белгісін де пайдаланады.

Ресейлік авторлар Ф.Кенэ (1960) ұқсас жағдайды сипаттап, орыс және шетел әдебиетіндегі бизнес және кәсіпкерлік ұғымдарының негізгі айырмашылықтарын атап өтті [8]. Бұл терминдерді Батыс әдебиетінде қолдану айтарлықтай ерекшеленеді. Мысалы, Й. Шумпетер өз еңбектерінде кәсіпкерлік қызметті инновациямен байланыстырады, мұнда кәсіпкер ескі өмір салтын бұзып, жаңа нәрсені ұсынады және/немесе бұрыннан бар нәрсені жақсартады[9]. Бизнес дәстүрлі кәсіп, пайда табуға бағытталған кез-келген

экономикалық қызмет ретінде қабылданады. Нурушева (2015) өз жұмысында кәсіпкерлік қызметтің осындай ерекшелігін дәлелдеуге тырысты, бұл ретте кәсіпкерлікке инновациялық тәсіл Қазақстанның қандай да бір өңірінің дамуына оң ықпал ете алатынын атап өтті [10].

Сонымен қатар, Үкіметтің пандемияға қарсы қолданған шаралардың дұрыс-бұрыстығын, әсерін, өзектілігін, халықаралық тәжірбиенің салыстыруымен саралап жасалған зерттеу маған қатты көмектесті. Ол М.А. Абишева мен Р.Т. Дуламбаеваның ғылыми жетекшілігімен жүргізілген «Пандемия жағдайындағы мемлекеттік басқару» [11].

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында шетелдік және отандық ғалымдардың кәсіпкерлік ортаға қатысты ғылыми еңбектері, түрлі деңгейдегі билік органдарының нормативтік-құқықтық актілері, кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары пайдаланылды. Экономикалық шындықты зерттеуде дерексіз-логикалық әдісті қолдану сапалық және сандық өзгеру процестерін, эволюциялық процестерді, даму заңдылықтарын және болашақ басымдықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің әдіснамалық базасы жүйелі көзқарас тұрғысынан кәсіпкерлік ортаның басым бағыттарын мемлекеттік ынталандыру жүйесін жетілдіру мәселесін зерттеуге мүмкіндік беретін жалпы ғылыми әдістермен және диалектикалық таным әдістерімен ұсынылған. Талдау және синтез әдісімен әлеуметтік-экономикалық құбылыстар бөлімдерде де, тұтастай алғанда да зерттелді.

Зерттеу барысында зерттеу объектісін талдауға жүйелі көзқарас қолданылды, ал салыстырмалы талдау, экономикалық және статистикалық талдау, факторлық талдау, сондай-ақ мамандардың сараптамалық бағалауы кәсіпкерлік ортаны қалыптастыру мен дамытуға байланысты экономикалық қатынастардың нақты элементтерін зерттеу процесінде қолданылды.

Негізделген қорытындылар мен ұсынымдарды талдау және дайындау кезінде ұлттық статистика бюросының статистикалық деректері, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ мен «Атамекен» ҚР ҰКП деректері, 2020 жылғы Ernst & Young зерттеуі, Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастық Институтының (ОАӨЭЫ) зерттеулері, сондай-ақ даму проблемалары бойынша талдамалық ақпарат пен зерттеулердің есептік материалдары пайдаланылды.

Статистикалық көрсеткіштер арасындағы байланысты бағалауды анықтау, сондай-ақ олардың арасындағы байланысты анықтау мақсатында корреляциялық-регрессиялық талдау жүргізілді. Есептер RStudio бағдарламасында жүргізілді. Талдаудың сенімділік моделі 99,8% құрайды.

Талдау және зерттеу нәтижелері

ШОБ экономикалық белсенділікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратыны бұрыннан белгілі. Әдетте, олар тіркелген кәсіпорындардың көпшілігін құрайды, жұмысқа орналасудың негізгі бөлігін қамтамасыз етеді және инновацияны ынталандырады.

Сонымен бірге, ШОБ осал, қаржыландыруға шектеулі қол жетімді және кез-келген экономикалық күйзелістің жағымсыз салдарын бірінші болып сезінеді. Өз кезегінде, егер ел басшылығы ШОБ маңыздылығын мойындап, қолдау саясатын жүргізсе, олар елдің қалпына келуіне ықпал ете алады.

Сонымен қатар, ЭЫДҰ елдерінде бүгінгі күні ШОБ жұмыс орындарының 60% - ын ұсынады және ЖІӨ-нің 50-60% - ын алады. Бұл оларды осы секторды қолдауға айтарлықтай күш жұмсауға итермеледі. Осылайша, осы елдер үкіметтерінің негізгі шаралары төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге, ішкі сұранысты ынталандыруға, банкроттық рәсімдерін жеңілдетуге, бизнесті тез және кедергісіз қайта бастауға жағдай жасауға бағытталған [12].

Өткен жылдың наурыз айында Қазақстан Республикасының Үкіметі әлемдік дағдарыс салдарынан экономикаға келтірілген залалды азайту бойынша бұрын-соңды болмаған қолдау шараларын қабылдады. Жергілікті деңгейде салықтық преференциялар мен қолдауды есептегенде, дағдарысқа қарсы шаралардың жалпы пакеті 5 938 млрд.теңгені құрайды, оның ішінде республикалық бюджет есебінен – 3 462 млрд. теңге, бюджеттен тыс қаражат есебінен – 2 476 млрд. теңгені құрады [13], [14].

Сондай-ақ, Жұмыспен қамтудың Жол картасын қаржыландыруға 1 трлн. теңге көзделген. Оның 300 млрд. теңгесі – республикалық бюджет қаражаты есебінен, 700 млрд.теңгесі-бюджеттен тыс қаражат. Бұл қаражатты жергілікті өңірлер инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға және 250 мың жұмыс орнын құруға бағыттайды деп жоспарланған болатын [13], [14].

Сонымен бірге, 1 трлн. бюджеттен тыс қаражаттың теңгесі ШОБ-ты 8%-бен жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасын қаржыландыруға және инвестициялық жобаларды жылдық 6%-бен «Қарапайым заттар экономикасы» жеңілдікпен кредиттеуді кеңейтуге бағытталған [13], [14].

ЭЫДҰ елдерінде кәсіпкерлікті қолдаудың негізгі құралдары субсидиялар, кепілдіктер, жеңілдікпен кредит беру, экспортқа бағдарланған компанияларды қаржыландыру және басқалар болып табылады.

Біздің елімізде бұл шаралар да сәтті енгізіліп, жүзеге асырылуда. «Даму» КДҚ» АҚ дәстүрлі қолдау шараларымен қатар секьюритилендіру, исламдық қаржыландыру қағидаттарында жеңілдікпен кредит беру, купондық «жасыл облигациялар» шығару сияқты жаңа құралдар енгізілуде.


Өз кезегінде, бұл шаралар кәсіпкерліктің одан әрі өсуіне ықпал етуі тиіс. Негізгі мақсат – бәсекеге қабілетті жаңа компаниялар құруды қолдау және отандық кәсіпкерлікті дамыту.

Бұдан басқа, кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың 10 жылында «Даму» КДҚ» АҚ жалпы кредит

сомасы 3523 млрд теңге болатын 29 349 жоба бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау шартына қол қойды. 309 млрд теңге субсидия төленді. Оның ішінде 2020 жылы жалпы сомасы 849 млрд теңгеге сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялаудың 14 262 жобасына қолдау көрсетілді [15], [16].

2021 жылғы 1 қаңтарда мемлекеттік бағдарлама шеңберінде 468 325 млн теңге сомасына кредиттер бойынша 13 373 кепілдік шартына қол қойылды, кепілдік сомасы 181 987 млн теңгені құрады. Оның ішінде 2020 жылы 215 024 млн теңге сомаға кредиттер бойынша 6 797 кепілдік шарты жасалды, кепілдік сомасы 81 109 млн теңгені құрады [15], [16].

Осылайша, пандемияның әсерін ресми статистика тұрғысынан қарау керек.




1 график – ШОБ жалпы қосылған құны және ШОБ жалпы өңірлік құнындағы үлесі

Ескертпе – [17] ақпараты негізінде автормен құралған.

1 графикте көрсетілгендей 2020 жылы корона дағдарысының шыңына қарамастан, ШОБ-тың ЖІӨ-дегі үлесінің тұрақты өсуі байқалады. Бұл ірі және орта кәсіпорындардың тиісінше шағын кәсіпорындарға және жеке кәсіпкерлікке бөлінуіне байланысты. Бұл ШОБ жалпы қосылған құнының 3,9 трлн. тг және экономикадағы ШОБ үшін 3,1% - ға ұлғайтуына әкелді.

Шетелден де, ел ішінде де шикізат, компоненттер, басқа тауарлар мен қызметтерді жеткізудегі проблемаларға байланысты көптеген кәсіпорындар өздерінің заңды нысандарын өзгертуді жөн көрді.


Шағын бизнестің ірі кәсіпкерлікпен салыстырғанда негізгі айырмашылықтары: инвестициялардың тез қайтарылуы, нарықтың кең еркіндігі, тұтынушылық сұраныстың өзгеруінің тиімділігі.



2 график – Құрылу нысаны бойынша заңды тұлғалардың саны

Ескертпе – [17] ақпараты негізінде автормен құралған.


Мәселен, 2020 жылы 2018 жылмен салыстырғанда ірі кәсіпорындар саны 50 бірлікке азайды. 2019 жылмен салыстырғанда орта кәсіпорындар саны 15 бірлікке артты. Бұл ретте шағын бизнес субъектілері 22 274 кәсіпорынға көбейді. Бұл ақпаратты 2 графиктен байқаймыз.



3 график – Жұмыс істеп тұрған ШОБ саны

Ескертпе – [17] ақпараты негізінде автормен құралған.


3 графикте жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің белсенділігі екі ірі қалада – Нұр-Сұлтан (168 011 субъект), Алматыда (217 822 субъект) және Алматы облысында (147 165 субъект) шоғырланған. Бұл аталған өңірлерде тиісті инфрақұрылымы бар, халқы тығыз орналасқан, инвестициялық тартымдылығы бар қаржы орталықтары болып табылатындығына байланысты. Бұл ретте негізгі мұнай кен орындары шоғырланған елдің батыс бөлігінде тек Ақтөбе қаласы ғана ШОБ-ты дамытуда белсенділік танытуда (134 374 субъект).



4 график – ШОБ-та жұмыспен қамтылғандар саны, млн. адам

Ескертпе – [17] ақпараты негізінде автормен құралған.

4 графикте көрсетілгендей пандемиядан туындаған шектеулерге қарамастан, жалпы ШОБ-та жұмыс істейтін халық саны өзінің бұрынғы деңгейін сақтап отырғанын көреміз. Шағын бизнес субъектілері 1,4 млн. адам және жеке кәсіпкерлік 1,3 млн. адам басым.



5 график – ШОБ өнімдерін шығару, трлн.тг

Ескертпе – [17] ақпараты негізінде автормен құралған.

Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша ШОБ субъектілері 33,6 трлн. тг. астам сомаға өнім шығарды. тг, 2016 жылға қарағанда 14 трлн-ға артық. тг. Бұл ШОБ-тың білікті кадрлардың ғана емес, экономикалық белсенді халық қатарындағы біліктілігі анағұрлым төмен адамдар үшін маңызды жұмыс орындарының басты көзі бола отырып, экономиканың дамуын қамтамасыз етуде негізгі рөл атқаратынын көрсетеді. Оғана дәлел 5 графиктегі ақпарат.

1 кесте – ҚР ШОБ-тың салалық құрылымы

ҚР-дағы экономикалық қызметтің негізгі түрлері бойынша ШОБ-тың салалық құрылымы	2015	2016	2017	2018	2019
Барлығы	100	100	100	100	100
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	3,6	3,8	4,09	4	4,02
Өнеркәсіп	7,4	7,4	7,25	7,06	7,02
Құрылыс	14,2	14	13,69	13,50	13,31
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу	29,8	29,5	29,91	30,10	29,58
Көлік және қоймалау	3,8	3,8	3,79	3,82	3,86
Өмір сүру және тамақтану бойынша қызмет көрсету	1,3	1,3	1,42	1,52	1,65
Ақпарат және байланыс	2,4	2,5	2,48	2,54	2,61
Қаржы және сақтандыру қызметі	2,6	2,5	2,39	2,26	2,19
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	4,6	4,5	4,31	4,14	4,13
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	7,4	7,3	7,09	6,94	6,85
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	4,1	4,1	4,11	4,19	4,33
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	2,7	2,5	2,33	2,24	2,16
Білім	5,4	5,4	5,36	5,41	5,51
Денсаулық және әлеуметтік қызметтер	1,5	1,5	6,5	1,51	6,9
Өнер, ойын-сауық және демалыс	1,5	1,5	6,4	1,49	6,5
Өзге қызмет түрлерін көрсету	7,8	8,4	40	9,2	43,3


Ескертпе – [17] ақпараты негізінде автормен құралған.

Айта кету керек, ШОБ-тың салалық құрылымы 5 жылдан астам уақыттан бері өзгермей келеді. Оны 1 кестеден көруімізге болады. 2015 жылдан бастап

2019 жылға дейін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің арасында көтерме және бөлшек сауда кәсіпорындары басым (2016 жылы – 29,8% және 2019 жылы – 29,58%). Екінші позицияда – құрылыс кәсіпорындары (тиісінше 14,2 және 13,3%), үшінші позицияда – өнеркәсіптік (7,4 және 7,02 %). Бұдан әрі: ғылым және білім беру саласында қызмет көрсететін шағын кәсіпорындар (2015 жылы – 5,4% және 2019 жылы – 6,85%), білім беру қызметтері (тиісінше 5,4 және 5,5%). Қазақстандық кәсіпкерлік қызметінің негізгі саласы сауда болып қала береді, мұнда ШОБ саласында жұмыс істейтіндердің үштен бірі жұмыс істейді. Бұл ретте кәсіпорындардың едәуір үлесі көлеңкеде жұмыс істейді, осыған байланысты экономикадағы ШОБ үлесін арттыру үшін бұл секторды көлеңкеден шығарып, оның сапасын арттыру маңызды.

Бұдан басқа, елімізде қабылданған ШОБ-ты даму жобалары аясында басымды бағыттар айқындалған, олар: өндіру және өңдеу.


Бұл ретте, еліміздегі өндіріс саласындағы ШОБ-тың жағдайын қарастырайық.



6 график – ЕДБ-мен экономика салаларына берілген кредиттер/ трлн.тг
01.01.2022ж.

Ескертпе – [18] ақпараты негізінде автормен құралған.

Жоғарыда 6 графикте көрсетілгендей ЕДБ-мен экономика салаларына берілген кредиттердің басым бөлігі сауда және өзге салаларға беріледі. Өнеркәсіп осы көлемнің 10% ғана қамтиды. Бұл дегеніміз өндіріс пен өңдеудің үлесі төмен және бәсекелестіктің жоқтығы деп болжамдауға болады. Бәсекелестік жоқ жерде тауар мен қызметтің сапасы төмен болады. Салдарынан өнім сатылмайды немесе мәжбүрлеп сатылады.



7 график – ЕДБ-мен экономика салаларына берілген кредиттер/ млрд.тг

Ескертпе – [18] ақпараты негізінде автормен құралған.

7 графикте ЕДБ-мен берілген кредиттердің көрінісін алып қарасақ 2016-2021 жылдар аралығында өнеркәсіпті кредиттеудің деңгейі 2 трлн. теңге шамасында сақталып отырғаны көреміз.

Бұл ретте, «Даму» ҚДҚ» АҚ арқылы өнеркәсіп саласына көрсетілген қолдаудың тарыхын және оның нәтижесін қарастырып өтейік.

2007 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі кезеңде «Даму» ҚДҚ» АҚ өңдеу өнеркәсібі саласында жалпы сомасы 3,5 трлн теңге болатын 20,6 мыңға жуық жобаға қолдау көрсетті:

- субсидиялау бойынша 2 023 млрд теңге кредит сомасына 7 889 жоба;
- 300 млрд теңге кредит сомасына 4 822 жобаны кепілдендіру бойынша қаражат;
- жеңілдетілген қаржыландыру бойынша 1 188 млрд теңге кредит сомасына 7 889 қарыз алушы қолдау тапты.



8 график – Жобалардың саны/ дана 01.01.2021ж (субсидия)

Ескертпе – [15], [16] ақпараты негізінде автормен құралған.

Субсидия алған жобалардың жалпы саны 62 420. Қолдау көрсетілген жобалардың жалпы санындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі 13% - ды немесе 7 900 жобаны құрады. 8 графикте айқын көрсетілген.




9 график – Кредит сомасы/млрд.тг 01.01.2021ж (субсидия)

Ескертпе – [15], [16] ақпараты негізінде автормен құралған.

9 графикте кредит сомасының жиыны 5 762 млрд. теңге және кредиттердің жалпы сомасындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі 35%-ды немесе 2 025 млрд. теңгені құрағанын көрсеткен ресми интернет парақшасында.

Осы қолдаулардың нәтижесінде «Даму» КДҚ» АҚ-ның клиенттері арасында ШОБ өнеркәсіп саласында өнімдерін шығару бойынша келесідей әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізді.




10 график – Бизнес көлемі бойынша (2020 жылға), млрд. теңге

Ескертпе – [15], [16] ақпараты негізінде автормен құралған

10 графикте 2020 жылы «Даму» КДҚ» АҚ-ның қаржылық

бағдарламалары шеңберінде қолдау тапқан кәсіпорындар жалпы сомасы 4,9 трлн. теңгені құрағанын көреміз.

Шығарылымның 38%-ын ірі кәсіпорындар, 33%-ын орта, 29%-ын микро және шағын кәсіпорындар қамтамасыз етті.



11 график – ШОБ жалпы шығарылымындағы «Даму» КДҚ» АҚ қатысушылардың үлесі (2020 жыл)

Ескертпе – [15], [16] ақпараты негізінде автормен құралған.

Өңдеу өнеркәсібінің ШОБ жалпы шығарылымындағы «Даму» КДҚ» АҚ бағдарламаларына қатысушылардың үлесі 68% (3,0 трлн. теңге - қордың клиенттері, 4,5 трлн. теңге - ШОБ субъектілерінің нарықтағы жалпы өнім шығаруы) – 11 график.

Жоғарыдағы айтылғанды саралай келсек, ҚР өңдеу өнеркәсібінің көрсеткіштері ТМД елдері арасында ең төмен көрсеткіштердің бірі ол экспорт құрылымындағы өңдеуші өнімнің үлесі - 29% (экспортталатын өңделген өнім көлемінің 59,6% - ға нақты төмендеген).

Өңдеу өнеркәсібіндегі жұмыспен қамту:

- 2020 жылдың қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсібінде жұмыспен қамтылғандар саны 6,6% үлесімен 580 мың адамды құрады. 1998 жылмен салыстырғанда атаулы мәнде жұмыспен қамтылғандар саны 79 мың адамға артты

- ҚР жұмыспен қамтудағы өңдеуші өнеркәсіптің үлесі 1998 жылдан бастап 1,6 п. к. төмендеді және теріс трендке ие.

ҚР өңдеу өнеркәсібі секторына кредит беру:

- 2021 жылдың қорытындысы бойынша ЕДБ жалпы сомасы 2,2 трлн. теңге (10,1%) өңдеу өнеркәсібінің секторына, оның ішінде ҚЗЭ бағдарламасы есебінен. Үлестің төмендеуі ЕДБ берген тұтынушылық кредиттердің ұлғаюымен түсіндіріледі;


-ҰҚ және ҚЗЭ бағдарламаларын белсенді іске асыру жылдарында оң динамика байқалады.

Өнеркәсіп секторы «Даму» КДҚ» АҚ бағдарламаларына қатысушылардың әлеуметтік-экономикалық әсері:

- жалпы сомасы 4,9 трлн. 2020 жылға теңге (2012 жылмен салыстырғанда 1275% - ға өсті);

- 2020 жылы жалпы сомасы 389 млрд. теңгеге салықтар төленді (2012 жылмен салыстырғанда 1024% - ға өсті);

- 01.01.2020 ж. жағдай бойынша 177,1 мың адам жұмыспен қамтылды.



1 сурет – Жұмыспен қамту деңгейі, мың адам


Ескертпе – [19] ақпараты негізінде автормен құралған.

1 суретте қарасақ, елдегі экономикалық белсенді халықтың барлығы 9,3 млн.адам. Оның ішінде 3,4 млн. адам ШОБ-та жұмыс істейді, бұл 36,6%-ды құрайды.

Егер ШОБ-та жұмыс істейтін 1 адам тағы 1 немесе 2 адамды тамақтандыратынын ескерсек, бұл бүгінде 6-дан 12 млн. дейін халықтың өмір сүру қаражатын жоғалту қаупі бар деген сөз.

Себебі ішкі және сыртқы шоктарға төтеп беру тетіктері әлі жетілдірілмеген.

ШОБ саласында қызмет жасайтын адамдардың табысы тұрақты болуы үшін олардың шығарылған өнімі (тауар,қызмет) сатылуы қажет.



12 график – ШОБ өнім шығарылымының индексі, %

Ескертпе – [17], [20] ақпараты негізінде автормен құралған

12 графикте көрсетілгендей 2019 жылдан бастап кен өндіру өнеркәсібі, көтерме және бөлшек сауда, білім, көлік және қоймалау, құрылыс салаларының өнім (тауарлар) шығарылымының нақты көлемінің индексі төмендеді. Осы саладағы ШОБ өзінің табысынан айырылды. Соның салдарынан ЖІӨ-нің деңгейі азайды.

Бұған себеп бүкіл әлемдегі коронавирустық індетке қарсы енгізілген шектеулер болып табылады.

Алайда 2021 жылдың басынан барлық салалардың өскенін байқаймыз. Бұл мемлекеттік қолдаудың тиімділігін көрсетеді.

Сонымен бірге, 6 графикте көрсетілгендей ЕДБ-мен экономика салаларына берілген кредиттердің басым бөлігі сауда және өзге салаларға беріледі. Өнеркәсіп осы көлемнің 10% ғана қамтиды. Ал елімізде өнеркәсіп саласын дамытуға жұмсалған қаражат пен күш аз емес. Алайда, 7 графикке қарасақ ЕДБ-мен берілген кредиттердің көрінісінде 2016-2021 жылдар аралығында өнеркәсіпті кредиттеудің деңгейі 2 трлн. теңге шамасында сақталып отырғанын көреміз. Мемлекеттік қолдаудың басым бөлігі сауда және өзге де қызметтерге кетіп жатыр. Алып сатарлардың еліне айналып барамыз.

Алайда осы көрсетілген қолдауларға қарамастан ШОБ секторы тиімділігі төмен және бәсекеге қабілетсіз – ШОБ-тағы еңбек өнімділігі экономикадағы орташа деңгейден 30%-ға төмен. ШОБ еңбек өнімділігінің төмендігі жеке кәсіпкерлердің статистикаға қосылуымен түсіндіріледі, онда шаруа және фермер қожалықтарының қызметкерлерімен бірге ШОБ барлық жұмыспен қамтылғандардың жартысына жуығы келеді, ал олар іс жүзінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар болып табылады.

Мемлекеттің ШОБ-ты қолдауы бизнестің елеусіз бір бөлігін ғана қамтиды, бұл кәсіпкерлерді тең емес бәсекелестік жағдайларға қояды. Көлеңкелі экономиканың жоғары үлесі елдегі қанағаттанарлықсыз бизнес климатты көрсетуі мүмкін. Бұл ретте өсу қарқыны ШОБ экономиканың өсуді аздап басып озады, бұл мемлекеттің жеке бизнес секторын дамыту жөніндегі шараларының тиімділігінің әлсіздігін көрсетуі мүмкін, ал мемлекеттік қолдаудың болуы Бизнестің төмен өнімді қызметін ғана сақтап қалады.

Менің ойымша ШОБ-тың нашар дамуы экономиканың жүйелі мәселелерінің көрінісі болып: шикізат секторы жағына қарай қисаю, экономикадағы мемлекеттің жоғары үлесі және сыбайлас жемқорлықтың таралуы, толық көлемде қалыптаспаған нарықтық бизнес ортасы, реттеушілік жүктеме және көлеңкелі экономика салдарынан бизнестің өзінің әлсіз белсенділігі, бизнестің қолжетімді кредиттерге шектеулі қол жеткізуі, халықтың табыстары төмен болуы табылады.

Сондай-ақ, ШОБ-ты мемлекеттік қолдаудың барлық шаралары нарықтық қағидаттардың бұзылуына байланысты тиімді болып табылмайды. Менің пікірімізше, бұл проблемалар ШОБ-қа өз әлеуетін толық көлемде іске асыруға және экономиканың драйвері рөлінде болуға мүмкіндік бермейді, соның салдарынан экономикадағы ШОБ үлесін тиісінше 2025 және 2050 жылдары 35% және 50%-ға дейін жеткізу бойынша мемлекеттің айтылған мақсаттарына қол жеткізуге үлкен күмән бар.

2 кесте – Көпфакторлы анализ

Жылдар	Өнім шығарылымы, млрд. тг У	ЕДБ берген кредит, млрд. тг Х1	Даму арқылы берілген кредит, млрд. тг Х2	Даму субсидиясы, млрд. тг Х3	Даму кепілдігі, млрд. тг Х4	АӨК-ке АКК берген кредит, млрд. тг Х5	ШОБ ЖІӨ-дегі үлесі, млрд. тг Х6
2016	19600	12700	606	331,9	26,9	122,2	0,268
2017	23200	12700	518,7	248,6	39,5	153,5	0,268
2018	26500	13000	526,4	199,2	54,3	258,7	0,284
2019	32400	13900	597,9	270	89	289,8	0,308
2020	33600	14600	1 645,10	1 169,70	265,8	277,3	0,316

Ескертпе – 1 қосымша негізінде автормен құралған.

Регрессионная статистика								
Множественный R	1							
R-квадрат	1							
Нормированный R-квадрат	65535							
Стандартная ошибка	0							
Наблюдения	5							
Дисперсионный анализ								
	df	SS	MS	F	Значимость F			
Регрессия	6	142152000	23692000	#ЧИСЛО!	#ЧИСЛО!			
Остаток	0	0	65535					
Итого	6	142152000						
	Коэффициенты	Стандартная ошибка	t-статистика	P-значение	Нижние 95%	Верхние 95%	Нижние 95,0%	Верхние 95,0%
Y-пересечение	-14246,81125	0	65535	#ЧИСЛО!	-14246,81125	-14246,81125	-14246,81125	-14246,81125
Переменная X 1	3,373793531	0	65535	#ЧИСЛО!	3,373793531	3,373793531	3,373793531	3,373793531
Переменная X 2	-21,49644351	0	65535	#ЧИСЛО!	-21,49644351	-21,49644351	-21,49644351	-21,49644351
Переменная X 3	0	0	65535	#ЧИСЛО!	0	0	0	0
Переменная X 4	121,1979705	0	65535	#ЧИСЛО!	121,1979705	121,1979705	121,1979705	121,1979705
Переменная X 5	6,270480913	0	65535	#ЧИСЛО!	6,270480913	6,270480913	6,270480913	6,270480913
Переменная X 6	0	0	65535	#ЧИСЛО!	0	0	0	0

2 сурет– Көпфакторлы анализ


Ескертпе – 2 кестенің жалғасы 1 қосымша негізінде автормен құралған

Осы талдаудың нәтижесінде, 2 кесте және 2 суретті қоса алғанда, ШОБ өнімінің шығарылуына тікелей әсер ететін көрсеткіштер анықталды.

Осылайша, ЕДБ берген кредиттің 1 теңгесі өнім шығарылымының көлемін 3 теңгеге ұлғайтады.

Керісінше, егер Даму арқылы берілген кредит 1 теңгеге азайса ол өнім шығарылымының 21 теңгеге азайатынын көрсетеді, 1 теңге кепілдік 121 теңге пайда әкеледі, 1 теңгеге АКК-ның АӨК-ке берген кредиты ауыл шаруашылығы өнімінің пайдасын 6 теңгеге көбейтетін көрсетеді.

Анализдың нәтижесінде мемлекет қолданым келе жатқан ШОБ-ты ынталандыру, дамыту, қолдау тетіктері бүгінгі күні өте тиімді деп санауға болады.




13 график – ШОБ-тан ЕДБ-ге түскен кредиттік өтініштер саны, мың дана

Ескертпе – [21] ақпараты негізінде автормен құралған.

13 графикте банктердің шағын бизнесті кредиттеу мәселесіндегі жеткіліксіз белсенділігі аясында қаржыландыруды ұлғайтуға деген сұраныс өте жоғары екенін көрсетеді. Мысалы, 2018-2019 жылдары ҚР ЕДБ-ға шағын бизнес тарапынан кредит беру мәселелері бойынша келіп түскен өтінімдер саны тиісінше 15,8 мың және 15 мың болды. Бірақ пандемия жылдарында бұл көрсеткіш көтерілді: 2020 жылы-112,3 мыңға дейін, 2021 жылы — бірден 697,4 мыңға дейін өскен [21].

Бұл көрсеткіштің күрт өсуі ШОБ-тың, халықтың табысы күрт төмендегенін көрсетеді.



14 график – Өтініштерді мақұлдау үлесі, %

Ескертпе – [21] ақпараты негізінде автормен құралған.

14 графикте мақұлдау деңгейі айтарлықтай төмендегенін көрсетеді. Егер 2018-2019 жылдары шағын бизнес үшін мақұлданған кредиттердің үлесі 57,1%-ды және 66,5%-ды құраса, 2020 жылы ол 36,6% - ға дейін, ал 2021 жылы 31,7%-ға дейін төмендеді. Салыстыру үшін: 2021 жылы ірі және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін мақұлдау деңгейі тиісінше 44,8% және 54% - ды құрады. Сонымен қатар, келіп түсетін өтінімнің орташа мөлшері айтарлықтай төмендеді: мәселен, тоқсан ішінде сома 3 еседен астамға, 2021 жылғы төртінші тоқсанда 6,7 млн теңгеге дейін қысқарды [21].

ҚР ҰБ сауалнамасының деректері бойынша шағын бизнеске қарыз беруді мақұлдаудың салыстырмалы төмен деңгейінің себебі шешім қабылдау кезінде тәуекелдерді бағалаудың скорингтік жүйесін пайдаланудың таралуы болып табылады. Бұдан басқа, жеңілдікті кредит беру бағдарламалары шеңберінде инвестициялық жобаларға бөлінетін көлемдерді банктер жиі толық көлемде игермейді.

Сондай-ақ шағын бизнес үшін ЕДБ кредиттерінің төмен

қолжетімділігінің мынадай себептерін бөліп көрсетуге болады:

- қарыз алу рәсімінің шектен тыс бюрократиясы;
- кепілмен қамтамасыз етуді ұсыну бойынша талаптар.

Осы орайда, **екі үлкен мәселе** ашылып тұр:

1. ШОБ мемлекеттік қаржыландырудан тәуелді;
2. ЕДБ ШОБ-ты кредиттеуді баяндатып мемлекеттік бағдарламаларға

тежеу жасап отыр.

Бұл мәселенің басын ашу үшін ШОБ-тың өңірлерде дамуын бағалайық. ШОБ-тың жалпы қосылған құнның жартысы Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларының есебінен қалыптасатынын атап өту маңызды. Шағын, орта кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлердің саны бойынша Алматы және Нұр-Сұлтан қалалары да көшбасшылар болып табылады, онда барлық шағын және орта кәсіпорындардың 40% - дан астамы және елдегі жеке кәсіпкерлердің жалпы санының 20% - дан астамы шоғырланған [17], [18].

Өңірлер арасында Атырау және Қарағанды облыстарын бөліп көрсетуге болады, мұнда олардың елдің ЖІӨ-не қосқан үлесі 20% - ға жақын, бірақ ШОБ ЖҚҚ-ға қосқан үлесі 10% - дан сәл жоғары, бұл олардың экономикаларының құрылымында өте ірі кәсіпорындардың болуымен түсіндіріледі. Ел өңірлерінің жартысында жалпы өңірлік өнімдегі ШОБ үлесі 20% - дан аспайды, шағын бизнестің дамуы өңірлік дамудағы сәйкессіздіктерді және бизнесті жүргізу үшін жергілікті жағдайларды тежейді. Нұр-Сұлтан қаласында ШОБ үлесі 57% – ды, Алматы қаласында - 30%-дан жоғары, Батыс Қазақстан облысында - жалпы өңірлік өнімнің 40% - дан жоғары, бұл өндіруші салада шоғырланған ШОБ-тың қызметіне байланысты [17], [18].

Өңірлерде ШОБ дамуының ірі қалалардан қатты артта қалуы, бірінші кезекте, өңірлерде жалақының төмен болуымен байланысты, бұл Нұр-Сұлтан қаласына қарағанда үштен бірінен төмен. Ірі қалаларда халықтың молдығы мен тығыздығына байланысты қызметтерге үлкен сұраныс туындайтыны да маңызды, ал қызметтер – ШОБ қызметінің негізгі саласы екені белгілі. Сондай-ақ қызмет көрсету саласының құрылымы маңызды рөл атқарады, яғни халыққа тұрмыстық қызмет көрсету ғана емес, кәсіби бизнес қызметтер, қаржы секторы және білім беру мен денсаулық сақтау сияқты маңызды салалар, яғни өңір экономикасының күрделілік деңгейі үлкен мәнге ие.

Өз кезегінде, банктердің кредиттік портфеліндегі ШОБ-тың жоғары үлесі болуы банктердің шағын және экономиканың тиімді емес бөлігін кредиттеп және сәйкесінше банктердің экономикалық өсуге ықпалы шамалы екенін білдіреді [21].

ШОБ-қа кредит берудің өсуі ХҚЕС-ке сәйкес емес есептілік жасауға құқығы бар ШОБ есептілігіне деген сенімнің әлсіздігін, қамтамасыз етудің күмәнді сапасын және оның жаңа бизнес үшін толық болмауы ықтимал.

ШОБ-ты кредиттеудің өсуі ХҚЕС-ке сәйкес емес есептерді дайындауға құқығы бар ШОБ субъектілерінің есеп берудегі сенімсіздігімен, кепілзаттың күмәнді сапасымен және, мүмкін, жаңа бизнес үшін оның толық болмауымен шектеледі. Өздеріңіз білетіндей, ШОБ субъектілерінің негізгі қорларының

едәуір бөлігі өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының ортасында шағын жекешелендіру, оның ішінде тұрғын үй құрылысы кезінде қалыптасты, ал кәсіпкерлердің жас буынында көбінесе қажетті материалдық база жоқ. Кредитке сұраныстың жалпы төмендеуі де маңызды [17], [18], [21].

Жоғары инфляция кезінде салымшылар мен кредиторлар, егер олар инфляциядан жоғары пайыздық мөлшерлемені ұсынбаса, өз ақшаларын банктердің депозиттері мен облигацияларына орналастыруға мүдделі емес. Өз кезегінде банктер қаржы делдалдары ретінде кредиттерге депозиттерді тарту мөлшерлемесінен төмен мөлшерлеме қоя алмайды.

Бұдан басқа, Қазақстанда басқа елдермен алыстырғанда берілген кредиттерді қайтарылмау деңгейі анағұрлым жоғары. Нәтижесінде, өз қызметінен кіріс алу үшін банктер отандық қарыз алушылардың жүйелік кредиттік тәуекеліне жоғары пайыздық маржаны есептеуге мәжбүр.

Мұның бәрі дамыған елдермен салыстырғанда банктік кредиттерге пайыздық мөлшерлемелердің жоғарылауына әкеледі. Сондықтан, егер соңғы 20 жылдағы банктік кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерге қарасақ, олар Қазақстанда барынша қолайлы экономикалық жағдайлар мен банктердің кредиттік портфельдерінің жылдам өсу кезеңдерінде (2006-2007) тіпті ешқашан ағымдағы деңгейлерден айтарлықтай төмен болмағанын байқауға болады [21].

ШОБ мәселелері мен перспективалары

Менің ойымша, ШОБ-ты мемлекет тарапынан қолдау айтарлықтай формалды тәсілге ие-ол бар, бірақ перспективалы дамуға бағытталмаған. Мысалы, дамудың басым салаларының тізімі бар, бірақ көбінесе кредиттік қаражат салалық принципті ескерусіз немесе осы талаптарға сәйкес келу үшін беріледі. Сондай-ақ, белгілі бір дәрежеде мемлекеттік қолдаудың декларативті сипатын атап өтуге болады, яғни әр түрлі рейтингтер қағаз жүзінде тұрақты прогресті көрсетеді, мемлекеттік сектордың үлесін азайту, құрылымдық қайта құру және т.б. бойынша жоспарлар қойылады, бірақ іс жүзінде бизнес орта үстірт жақсарайды, экономикалық өсу құрылымы өзгермейді, халықтың әлауқаты мемлекеттік бюджет арқылы бөлінетін қаражатқа байланысты.

Ойымды жалғастыра, мемлекеттік қолдау көлемі ШОБ-тың ЖІӨ-нің 50% үлесіне қол жеткізу жөніндегі міндетке жауап бермейді, өйткені бұл үшін әлдеқайда көп ресурстар талап етілетіні атап өткім келеді. ШОБ-ты қолдаудың ағымдағы көлемдері ШОБ-ты жұмыспен қамтуды арттыру, салық салынатын базаны кеңейту, бизнесті көлеңкеден шығару, бірақ ауқымды даму сияқты әлеуметтік функцияларды орындауға бағдарланған.

Мемлекеттің ШОБ-қа назар аударуына қарамастан, практика басымдық ірі бизнесте қалатынын көрсетеді, бұл ірі жобалар деңгейінде халықаралық іс-шараларды өткізуге арналған әртүрлі объектілер, мемлекеттік деңгейде қарыздарды тарта отырып ірі шикізат жобалары мен мемлекеттік компанияларды қаржыландыру, инфрақұрылым объектілері, қаржы саласын қолдау бірінші кезекте ірі бизнес пайда алып отырады.

Қазақстандағы статистикаға қатысты проблемалар, атап айтқанда ШОБ

контекстінде макро деңгейде де пайда болады. Мысалы, жұмыссыздықтың ресми деңгейі 5%-дан аз [19]. Бұл ретте, ЖІӨ-дегі және жұмыспен қамтудағы ШОБ үлесі төмен, бұл мынадай сұрақ туғызады: қалған қызметкерлер (мемлекеттік сектор мен ірі компанияларды есептегенде) қайда жұмыс істейді және неге олар тұтыну арқылы ШОБ литорының дамуын ынталандырмайды? Мемлекеттік органдарға қатысты, оларда жұмыспен қамту артық, ал процестер бюрократтандырылған, әсіресе цифрлық технологиялардың өсіп келе жатқан мүмкіндіктерін ескерсек. Бюджет саласын қысқартудан үнемделген қаражатты жеке секторды инфрақұрылымдық қолдауға бағыттауға болады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді қатар цифрландыру кезінде мемлекеттің экономикадағы үлесін қысқарту сыбайлас жемқорлық деңгейін қысқартып, нарықтық институттарды нығайтып, бизнес ортаны жақсартып, кәсіпкерлік сектордың қызметі үшін көбірек орын босатар еді.

Голландиялық аурудың көріністерімен ауырлатылған орташа табыстың тұзағы мәселесі елдің дамуына ғана емес, сонымен қатар ШОБ-қа бизнеске де кедергі болып табылады. Бұл салада шикізат секторына, нарықтық ортаның дамымауына, инфрақұрылымның дамымауына, технологиялық артта қалушылыққа және елдің шикізаттық емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің өңірлік және халықаралық саудасына әлсіз тартылуына сүйену шектеу болып табылады.

Себебі, Ұлттық Банктің валюталық интервенцияларын жүзеге асыру. теңгенің айырбас бағамын тұрақтандыруға қол жеткізу мақсатында 2020 жылғы наурызда 1 487 млрд. АҚШ доллары көлемінде интервенция жүргізілді [32].

Өңірлік деңгейде ШОБ-тың нашар дамуы өзекті проблема болып табылады, онда жекелеген өңірлердегі 1000 тұрғынға шаққандағы ШОБ саны республикалық деңгейден екі есе төмен. Өңірлер бойынша Doing Business рейтингінің деректері бизнесті жүргізу үшін жағдайлардың өңірлік айырмашылықтарының болуын растайды, бұл елдің біртұтас құрылғысымен сәйкес келмейді [22].

ШОБ-тың әлсіз дамуы, біздің ойымызша, тоқсаныншы жылдардың басында Қазақстанның ЖІӨ-нің үштен бір бөлігін құрайтын аграрлық экономикадан мұнай бағасының шыңында ЖІӨ-нің 20% - на жеткен минералдық ресурстарды өндіруге негізделген экономикаға көшуімен түсіндіріледі, бұл ретте өндіруші секторда жұмыспен қамтылғандардың тек 3%-ы ғана жұмыс істейді. Осыған сүйене отырып, ШОБ үшін қызмет саласы төмен өнімді қызмет саласы болып қала береді, ал неғұрлым табысты секторларға қол жеткізу қаржы қаражатының жетіспеушілігі, біліктілік, инновациялық орта, жергілікті нарыққа оқшаулау, бизнесті жүргізудің тең емес шарттары түрінде кіру үшін жоғары кедергілермен шектеледі. Әрине, мұндай жағдайда көптеген шағын кәсіпкерлер, ең алдымен, перспективалы бизнес құрудан гөрі өздерінің өмір сүруін қамтамасыз етумен айналысады.

ШОБ-та жұмыс істейтіндердің 40%-ы жеке кәсіпкерлікке тиесілі екенін

және бұл ретте олардың өнім шығаруы барлық ШОБ шығарылымының 10% - нан азын құрайтынын ескере отырып, олардың қызметі туралы неғұрлым егжей-тегжейлі ақпарат жинау маңызды болып көрінеді, өйткені шағын бизнес шеңберінде статистикалық деректер шағын бизнесте болып жатқан процестерді бұрмалайды және түсінуді қиындатады. Балама тәсіл – олардың арасынан өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды бөліп көрсету қажет [11], [17], [20].

